



ҰЛЫ КҮНІ ҰЛЫСТЫҢ

(Наурыздың музыкасы ойналып, сахнаның сол жақ шетінде орналасқан кеме орнынан қозғалады. Сахна үстінде тұрған жаршылар:

- Кеме келе жатыр!

- Нұх пайғамбардың кемесі келеді!

- Ау, халайық! Қасиетті кемеңі қарсы алайық!- десіп, жар салады.

Кемеңі өнер көрсетіп келе жатқан әртістер бастайды. Олар қарғып секіріп, жонгерлерлік жасайды. Цирк әртістерінен кейін Қарағандыдан келген барабанишы салтанатты шеп құрып, таяқтарын лақтырып, қағып алып, алаңды дүбірге бөлейді. Содан соң үстінде ескекшілері, кернейшілері, театр персонаждары бар кеме үш пирамиданың алдына тоқтап, сахнаны құрайды. Бұл шара іске асырылғанша «Тойбастар» бii биленеді. Би биленген соң кеме алдындағы сахнаға ақ сақалды қариялар, ақ жасулықты аналар, үлкенді-кішілер шығып, төс түйістіріп, құшақтай қауышып, тілек айтысады).

Тілектер:

Ұлыс бақты болсын,
Төрт түлік ақты болсын!
Жасың құтты болсын,
Өмір жасың ұзақ болсын!
Ұлыс береке берсін,
Бәле-жала жерге енсін!

Қария:

Әй, күйеу бала!
Жарасса әзіл, Наурыздың тойларында,
Атаңмен де болады ойнауыңа.

Күйеу бала:

Күнде Наурыз болмасы айдан анық,
Мүмкіндікті қалайын пайдаланып.

(Осыны айтады да қайын атасына келіп, әзіл жарастырады).

Қайын атасы:

Күйеу бала, жасым бар бір ғасырдай
Қалжыңдасып тұрсың ғой құрдасымдай.

Күйеу бала: Ақ жолынан Алланың тайған бар ма,
Сыйлаған ғой күйеуін пайғамбар да.
(*Екеуі төске-төс түйістіреді*).

Ақ жаулықты

ана: Келінжан –ау,
Ауыздыға енең бар сөз бермейтін,
Наурыз тойы күні де өзгермейтін.

Келін: Сөз айтып та көрмеп ем аузымды ашып,
Тәуекел деп байқайын қалжындасып.

(*Осыдан кейін енесіне жақындап, тіл қатады*).

Келіні: Кешір ене еркелік қылығымды,

Әзілім ғой Ұлыстың ұлы күнгі.

Енесі: Кінәлайын, қарағым, неге сені,

Наурыз күні барлық жан теңеседі.

(*Екеуі құшақтасып қауышады. Осы кезде пневмобейнедегі 2 жыл кейпіндегі аңдар мен жануарлардың рөліндегі жігіттер мен қыздар шығады*).

Тышқан: Мен тышқанмын, Түйенің құрдасымын,
Болсам-дағы кішкентай жыл басымын.
(*Тышқанның даусымен шиқылдайды*)

Сиыр: Нұх пайғамбардың кемесін тескен тышқан,
Жыл басымын деп бүгін бөскен тышқан.
(*Мөңірейді*)

Жылан: Мен емес пе ем кемеңі сақтап қалған,
Мұны ешқашан шығарма естен, тышқан.
(*Бісқырады*)

Жылқы: Нұх пайғамбар кемесі болмағанда,
Қалмас еді еш жануар бұл ғаламда.
(*Кісінейді*)

Қоян: Ой, зәремнің ұшқаны-ай дауыл тұрып,
Кемеміздің желкенін ырғағанда.
(*Секектеп жүгіреді*)

Ит: Амандығын ойламай қара бастың.
Тасқынымен күреске арластым. (*Үреді*)



Қой: Деп ойлап ем мен жаным қысылғанда,
Тұяғымды серпуге жарамаспын.
(Маңырайды)

Тауық: Ере алғаным заманның көшіне енді,
Бүгін теріп жеп жүрсем несібемді.
(Қыт-қыттайды)

Мешін: Жан-жануар құстар да, адамзат та,
Сол кемеден таралып өсіп-өнді.

Ұлу: Қарыздармыз Пайғамбар кемесіне
Аман шықтық Қазығұрт төбесіне.
(Тас қауашақтан басын шығарады)

Доңыз: Доңыз еді кемені тазалаған,
Деп алады бүгінде ел есіне.
(Секіріп, қарғиды)

Барыс: Неге онда қатардан кем қаламын,
Биылғы жыл иесі мен боламын.
(Бәрі құттықтап шуласады)
– Дұрыс айтасың!
– Жол сенікі!
– Қадамың құтты болсын!

(Осы кезде Наурыздың музыкасы ойнап, тыныштық орнайды. Кеме үстінен Бақ қолынан жетелеген Қызыр ата түсіп келе жатады).

Дауыстар: – Қызыр ата келеді!
– Қызыр ата келеді!
– Жақсылықты көреді!
– Ақ батасын береді.

Бақ: (Қызыр атаға қарап)
– Қызыр ата!
Қабақтарың тасалап жанарыңды,
Ештеңеге салмадың назарыңды.

Қызыр ата: – Уа, Бақ!
Мен өзінді жолбасшым санаушы едім,
Сен таң қалған кезде тек қараушы едім.

Бақ: – Ақ, қарасын әр істің аңғарушы ем,
Жақсылыққа ғана мен таң қалушы ем.

Қызыр ата: – Нені көрдің көңілің шаттанатын,



«Қызыр дарыған кезде бақ конатын».

Бақ: – Теңесе алмас секілді басқа қала,
Тұрмын қазір таң қалып Астанаға.

Қызыр ата: *(Қасын көтеріп, көзін ашып, жан-жағына таңырқай қарайды)*

Сенім артып жүруші ем ертеңіме,
Шын қала ма, мынауың, ертегі ме?

Бақ: Нұрға оранған бұл өзі арман қала,
Сарыарқаның төріне салған қала.

Қызыр ата: Сұлулық бар арайлы келбетінде,
Бұндай қала көрдің бе жер бетінде?

Бақ: Мекен болып әр ұлттың баласына,
Айналыпты достықтың қаласына.



(Осы кезде кемедегі үстеріне ұлттық киімдерін киген, әр ұлттың өкілдері түсіп келе жатады. Дауылпаз дауысы жер жарады. Осы кезде аспаннан Нұр түсіп, жаңа атып келе жатқан Таң бейнесі көтеріледі).


Ақ жаулықты аналар *(Күн көзіне ақ шашып, үш мәрте тізе бүгіп, тағзым етеді):*

- Атар таңға, шығар күнге – тәу, – тәу!
- Жыл басы – Наурыздың қадамына – тәу, – тәу.
- Жаңа ырыздық, несібеге – тәу, – тәу!

Ақ сақалды қариялар *(Алақандарын күн шапағына төсеп, маңдайларына тәу етеді):*

- О, Тәңірім!
- Басымызға бас қостың,
- Жасымызға жас қостың, тәубе, тәубе!
- Ұлыстың ұлы күнімен,
- Тағы да аман қауыштық, тәубе, тәубе!

(Тағы да ұрмалы аспаптардың құдіретті дауысы естіліп, кеме төрінен Наурыз ару көрінеді).



Дауыстар: – Наурыз келді, құт келді!
– Наурыз келді, бақ келді!
– Құтты болсын қадамың!
– Оттан түспе қазаным!
– Бақыт, шаттық әкелсін!
– Мерейімді көтерсін!
– Төрлет, төрлет, әз Наурыз!

Наурыз ару: Мен Наурызбын, жаралған жаным нұрдан,
Бар әлемді көркіне табындырған.
Жаңа күнді қарсы алып, тағзым етіп,
Қуанысқан халқымды сағындырған.
Күн мен түнді мен бүгін тең етемін,
Иесімін құт пенен берекенің.
Салт-дәстүрін жаңғыртып қазағымның
Қыздырындар көрігін мерекенің.
Өнерпаздар көтерсін бастаманы,
Кең аспанға қалықтап асқақ әні.
Көз тоймайтын көркіне ару қала,
Шуағыма бөлеймін Астананы!

(Осы кезде қызыл мауытыдан киім киген 40 жігіт ортаға шығып би билейді. Би биленіп жатқан кезде сахнадағы Қызыр ата мен Бақтан басқаның бәрі кеме үстіне көтеріледі. Сол сәтте «Қазақстан» деген жазу шығады. Кеме үстінде тұрғандар бір қимылмен қол бұлғайды)

Бақ: – Уа, Қызыр ата!
– Теңіз тулап бай даламда,
Топан суы жайлағанда,
Әлі күнге ел есінде,
Нұх пайғамбар кемесінде.
Құстар менен мал басы да,
Адамзаттың жалғасы да
Желкендерін желге керіп,
Шыр айнала дөңгеленіп,
Қазығұртқа барған екен.

Қызыр баба: – Иә, Бақ!
Орындалып арман да өзге,

Тәуелсіздік алған кезде,
Мініп достық кемесіне,
Болашақтың белесіне
Қарқынменен бет алғандар,
Мақсатына жете алғандар
Жүрістерің өнімді екен,
Елбасың да сенімді екен.
О, Тәңірім!
Ұлыс күні бақты болсын,
Сапарларың сәтті болсын!
Әумин!

(Осы кезде тордың аузы ашылып, гель газымен толтырылған 20 мың шар бір мезгілде әуеге ұшырылады. Отпашу сәуле шашады. Мұз бен суды бейнелейтін декорациялар келесі бетіне ауысып, кемеңің етегі гүлдермен көмкеріледі. 100 бүлдіршін әрлі-берлі жүгіріп, қуана айғайлайды. Әуен – аспанға қалықтаған «Наурыз» әні орындалады).

